

егемен

Қазықастан

Қиыншылыққа қыңбаған қыр

Еліміздің шежіреге бай, сан ғасырдан сыр шертер тарихи жерлерінің бірі – Сарыарқаның кіндік тұсында орналасқан өңірі өрісті, қонысы ырысты Жаңаарқа ауданы. Атақты археолог-ғалым, академик Әлкей Марғұлан осы аймақтағы Атасу кентін Орталық Қазақстандағы ең ірі “Андрон мәдениеті” қонысының бірі деп санайды. Ауданда күмбірлеген күмбезді тарихи ескерткіштер де баршылық. Соның қатарында Жұбан ана мазары көзге түседі. Тарихи деректерде ол біздің дәуіріміздің VIII-X ғасырындағы сәулеттік мұраға жатады делінген. Жаугершілік замандарда жоңғарлармен жойқын шайқастарда білектің күшімен, найзаның ұшымен атамекеннің бүтіндігін сақтап қалған Байғозы, Нияз, Бақыбек батырлардың, елдікті ұран етіп, қара қылды қақ жарған аузы дуалы Байдалы, Ақтайлақ, Итемген билердің есімдері ел арасында үлкен құрметпен аталады.

Әуелеген ән, күмбірлеген күй, төкпелеген жыр қайнарына айналған Жаңаарқа топырағында Шыңғыс, Құнанбай сұлтандар заманында өмір сүрген сегіз қырлы, бір сырлы күйші композиторлар Сайдалы Сары Тоқа мен Ықыласты, ақындар Маймақ пен Айнаны, тілмәр шешендер Бек, Тұяқ, Төлебай салды, ел билеген Шоң мен Тәтіні, әділ қазылық еткен Бекқожа, Қаспақ, Құтжан, Талжан сияқты тұғырлы тұлғаларды айтпай кету мүмкін емес.

Өткен ғасырдың басында қазақ даласына кеңестік жүйенің дендеп енуіне орай қазіргі аудан аумағына қарасты өңірді қоныстанған болыстар қосылып, қарамағында 9 ауылдық кеңес, 3750 шаңырақ бар Асанқайғы ауданы атанған жаңа әкімшілік құрылым түзілді. Бұлай аталу себебі – желмаясымен Жерұйық іздеп шыққан Асан ата осы өңірге дейін жетіп, жасыл тоғайына, әсем тауына, таудан сылдырап аққан мөлдір бұлағына, бетегелі, шөбі шүйгін кең даласына сүйсініп, мал жайылымына жақсы жер екен деп бағалапты. Содан да болар, осы өлкеге Абыз ата аялдап, құт қонып, киеленіп, жыр қайнарының көзін өзі кеп ашып, өлең-жырдың, ән-күйдің тиегі ағытылып, тіл өнері, күй өнері дарығандай болады да тұрады.

Ел мен жердің жаңарғанын көріп, болашағын бағамдап, қияға көзін салған сұңқар ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің ұсынысымен аудан атауы 1929 жылғы 16 тамыздан бастап Жаңаарқа болып өзгертілді.

Заманалар зобалаңы бұл өңірге де оңай соққан жоқ. Солақай саясаттың салдарынан 1932 жылдың соңында 10 ауылдық кеңеске бөлінген 25 мың тұрғыны бар ауданда бар болғаны бес мыңдай адам қалды. Қарағанды, Ақмола, Нұра жаққа шұбырған халықтың көбі жолда қырылды. Саяси қуғын-сүргін жылдары өз алдына бір әңгіме. Екінші жаһандық соғыста майдан даласына аттанған 3189 жаңаарқалықтың 1157-сі туған жерге қайтып оралмады. Соғыстан кейінгі жылдары бүкіл елмен бірге аудан халқының да әлеуметтік жағдайы түзеліп, шаруашылық қалпына келтіріліп, біртін-біртін дами бастады.

Құт қонып, өнер дарыған өңірден оқымысты-ғалымдар, ақын-жазушылар көптеп шықты. Академиктер С.Қирабаев, Ә.Бейсенова, ғылым докторлары А.Сейдімбек, Х.Әбжанов, ақын-жазушылар І.Жарылғапов, А.Жұмаділдин, А.Смайыл, Ғ.Жайлыбайларды жерлестері лайықты мақтаныш етеді. Жаңаарқалықтардың шартарапқа атын жайған және бір өзіндік қасиеті – осынау өрісті өңірде шынайы өнерді пір тұтатын, додалы сайыс, дүбірлі жарыс десе делебесі қозып, ішкен астарын жерге қоятын әнсүйер, жырсүйер, думаншыл ел қалыптасқан. Аудан көлемінде дәстүрге айналған әралуан өнер байқаулары, спорт жарыстары өз алдына, берісі облыс, әрісі республика деңгейіндегі дүбірлі сайыстардан жерлес өнерпаздар мен спортшылар бір рет те жүлдесіз оралған емес.

Қазақтың ән-күй өнеріндегі өзіндік ұнтаңбасы бар тұлғалар санатында Ш.Бейсекованы, Қ.Байбосыновты, Б.Тілеухановты бірден айтар едік.

Жаңаарқа өңірінің сан мәрте Азия, Еуропа, әлем чемпиондарын шыңдап шығарғаны мәлім. Ағайынды Байшолақовтар, А.Волобуев, А.Махмудов сияқты жауырыны жерге тимеген балуандардың есімдері әмбеге аян.

Қазақстан өз алдына ел болып қалыптасқаннан бері Жаңаарқа ауданының әлеуметтік-экономикалық жағдайы да даму үстінде. Негізгі көрсеткіштер бойынша облыс аудандарының рейтингінде үнемі алдыңғы лектен көрінуі қалыпқы үрдістей. Мәселен, ағымдағы жылдың бұған дейінгі мерзімінде өндірілген өнім көлемі 1034,9 млн. теңгеге жетіп, былтырғы осы кезеңімен салыстырғанда 7,3 пайызға өсуі соған айғақ.

Бүгінгі таңда аграрлық-өнеркәсіптік кешенде 542 шаруа қожалығы, 1 акционерлік қоғам, 1 өндірістік кооператив жұмыс істейді. Ауыл шаруашылығының барлық саласы сауығып, өркендеуге бетбұрыс жасауға жол ашылды. Мұны да мынадай дерек дәлелдейді. Өткен жылдың бірінші жарты жылдығында басты саланың барлық санаттары бойынша өндірілген өнім көлемі 2004,0 млн. теңгені құраса, ал биылғы алты айда бұл көрсеткіш 2359,1 млн. теңгеге көтерілді, яки 17,7 пайызға өсті деген сөз. Міне, дағдарыс кезінде де өрлеу осындай.

Жыл басынан бері шағын кәсіпкерлік субъектілері тарапынан көрсетілген қызмет және атқарылған жұмыс түрлерінің көлемі 1570,2 млн. теңгеге жетті, бұл былтырғыдан 57,4 пайызға артық орындалып отыр. Осы буын арқылы 1604 адам жұмыспен қамтылды.

Ежелден төскейі төрт түлік өсіп-өнуіне қолайлы өңірде мал басы жылдан-жылға көбейіп келеді. Оның саны бүгінде 80 мыңға жуықтады. Кейінгі жылдары мал тұқымын жақсартуға үлкен көңіл бөлінуде. “Ескене” шаруа қожалығы етті „Әулікөл”, түрін өсірумен айналысса, “Жеңіс” АҚ 17816 бас “Сарыарқа” қылшық жүнді қой, 1 мыңдай “Жабы” тұқымдас қазақы жылқы қарасын ұлғайту үстінде.

Мүмкіндік кеңейіп, құлаш ашыла түсуі ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдейтін кәсіпорынды құруға ұмтылысты күшейтуде. Жақында Атасу кентінде сүт өнімдерін өндіретін “Зерге Агро” ауылдық тұтыну кооперативі жұмыс істей бастады. Оны сүтпен жақын маңайдағы ауылдар қамтамасыз етеді. Ол тікелей тұрғылықты жерлерде қабылданады. Ондағы іске өз

тұрғындары тартылған. Сөйтіп, зауыт құрамындағы 50-60 адаммен бірге елді мекендердегі бірнеше азамат жұмысқа қамтылды. Мұнда 10 тонна сүт өңделмек. 7 өнім түрі шығарылады. Айта кету керек, алдағы мақсаты үлкен. Арнайы сүт фермасын құру арқылы мықты тірек орнықтыру көзделген. Тағы бір жағымды жаңалық, жүн өңдеу жолға қойылатын болды. Бұған дейін қайда тапсырарларын білмей, соның салдарынан іріп-шіріп рәсуә болып келген бағалы заттың енді пұл өнімге айналмақтығы қойшы фермерлер қауымын қуантып отыр. Заман талабы талпынысты жаныған мұндай жаңа ізденістер аз емес. Мемлекеттің көмек-қолдауы қанаттандырып, дамуға, өрлеуге сенім серпілтушілер ірі жобаларды іске асыруды алға қойған. Атап айтқанда, қазір 11 жоба игеріліп жатыр. Соның ішінде екеуі егін, сегізі мал шаруашылығына, біреуі сүт өндіруге бағытталған.

Белгілі қиындық салқыны бұл жақта байқалмайды. Дегенмен, оның алдын алу шараларын ойластыру басты назарда. Ең өзектісі, азық-түлік өнімдеріне бағаның тұрақтылығын сақтау саналады. Осыған байланысты аудан әкімдігі мен жүйелік барлық кәсіпорындар арасында меморандумға қол қойылып, орындалуының орнықтылығы мәселе шешілуін жеңілдетуде.

Бүгінде ауданның қай ауылына барсаңыз да жұмысқа жұмылған жұртты көресіз. Жолдар жаңартылған, көшелер көркейтілген, су құбырлары қалыпқа келтірілген, мектептер, ауруханалар, клубтар жөнделген. Мұның бәрі “Жол картасы” бағдарламасы аясында атқарылып жатқан істер. Осы мақсатқа 106 миллион 244 мың теңге бөлінген. Оның 75 пайызы игеріліп үлгерілді.

– Биыл ауданымызға 80 жыл толады. Әлемді алаңдатқан дағдарыс қиыншылығын ортаға жуытпай, туған өлкенің көркейіп, кемелденуіне үлес қосуды еселеу ел ішіндегі елеулі серпіліс қазір. Өзгерістер тамыры тереңдетіле бермек, – деді бізбен әңгімеде аудан әкімі Хамит Омаров.

Иә, тірлігіне бірлігі үйлескен, өмірі мен өнері үндескен, мақсаттары ізгілікті, істері тыңғылықты аудан үшін ауыртпалығын арқалаған уақыттың ауылы алыс екені білінеді. Жанаарқалықтар солай боларына сенеді.